



**Student
DigitalFest**



Student DigitalFest

StudentDigitalFest

Астана, 2022



ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

«KAZENERGY» ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ-ГАЗ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА КЕШЕНІ
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ» ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІ

KAZENERGY қауымдастығы 2005 жылдың 2 қарашасында құрылды. Қауымдастықтың құрамына мұнай-газ, электр энергетикасы және атом өнеркәсібінде қызмет ететін компаниялары біріктірілген. Қауымдастықтың мақсаты - әлемде және ҚР-да энергетикалық және экологиялық басымдықтар күн санап өзгеріп отырған жағдайда Қазақстан Республикасының энергетика саласының орнықты және теңгерімді дамуына жәрдемдесу болып табылады.

«KAZENERGY» қауымдастығы адами капиталды дамыту жөніндегі өз қызметі шеңберінде 2011 жылдан бастап жұмыс берушілер тарапынан мұнай-газ саласы деңгейінде және 2021 жылдан бастап республикалық деңгейде әлеуметтік әріптес рөлін атқарады; кәсіптік стандарттар мен салалық біліктілік шеңберлері арқылы салалық біліктілік жүйесін дамытуға қатысады; еңбек заңнамасының құқық қолдану практикасын; жұмыс берушілерге қатысты заңнамалық бастамалардың тұжырымдамаларын талқылау кезінде кеңесші-консультативтік, сараптамалық және өзге де жұмыс топтарына қатысады.

2008 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «KAZENERGY» жастар форумы - мұнай-газ саласының жастары бас қосатын шығармашылық, коммуникациялық алаң болып отыр.

2015 жылдан бастап «KAZENERGY» қауымдастығы жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың (НКОК, КПО) қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуге кандидаттарды іріктеу бойынша ҚР ЭМ жұмыс органы болып табылады. 2022-2023 оқу жылына Қазақстанның жоғары оқу орындары мен колледждерінің 552 студентіне арналған грант мақұлданды.

«StudentDigitalFest» байқауы еліміздің студент жастары арасында шығармашылық идеяларды қолдаудың, ғылыми белсенділіктің, жобалық командаларды дамытудың және шығармашылық даралықтың жарқын үлгісі болып табылады. Конкурста жыл сайын КРО компаниясының белсенді қолдауымен ЖОО студенттерінің мұнай-газ саласын цифрландыру бойынша ең үздік жобалары ұсынылады.



ДЕМЕУШІ


Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. компаниясы (бұдан әрі – КПО) – әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсаты кен орнының операторы. Жас кадрларды тарту үшін өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және университеттермен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жұмыс КПО үшін кадр резервін құрудың маңызды бөлігі болып табылады.

КПО Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «KAZENERGY» ЗТБ, «PSA» ЖШС және North Caspian Operating Company N.V. арасындағы ынтымақтастық туралы 2015 жылғы 29 қыркүйектегі Меморандумға қол қоюшылардың бірі болып табылады, осы Меморандум аясында Солтүстік Каспий және Қарашығанақ жобалары шеңберінде бөлінетін қаражат есебінен оқуға ақы төлеуге кандидаттарды іріктеу жүргізіледі (ӨБҚК).

КПО қызметінің басым бағыты қазақстандық мұнай саласы үшін жас мамандарды даярлау болып табылады. КПО дуалды білім беру шеңберінде жастарға арналған бірқатар бастамалар мен білім беру бағдарламаларын іске асырады. Білім беру бағдарламалары мұнай және газ өндірудің жаңа технологиялары мен халықаралық стандарттарға негізделген мұнай-газ саласындағы жұмыстың заманауи әдістемесі туралы түсінік береді.

Қазақстанның жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты нығайту, өскелең ұрпақты ынталандыру арқылы цифрлық экожүйені дамытуды жолға қою, ұзақ мерзімді перспективада жергілікті білікті кадрларды дамыту КПО цифрландыру стратегиясының бір бөлігі болып табылады, ол осы бағыттағы прогреске қол жеткізу бағытын ұстанады.

2020 жылдан бастап КПО Қарашығанақ кен орны үшін цифрлық шешімдерді дамытуға және жетілдіруге бағытталған «StudentDigitalFest» байқауының демеушісі болып келеді.



МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1

1. «StudentDigitalFest» байқауы туралы

2

2. Конкурса қатысушыларға арналған құттықтау сөз

2.1. «StudentDigitalFest» - 2022 конкурсының үшінші маусымы

2.2. «StudentDigitalFest» - 2022 конкурсының кезеңдері туралы

3

3. «StudentDigitalFest»- 2022 конкурсының финалы

3.1. Конкурс финалының ашылуы

3.2. Финалға қатысушыларға арналған құттықтау сөз

3.3. Конкурстың қазылар алқасы мүшелерінің құрамы туралы

3.4. Конкурстың финалист командалары туралы

3.5. Конкурстың қазылар алқасы мүшелерінің жұмысы

3.6. Командалардың ТРИЗ онлайн-тренингіне қатысуы

4

4. «StudentDigitalFest» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі

4.1. Командалардың мүшелеріне сертификат табыстау

4.2. Жеңімпаз командаларды жариялау

5

5. Конкурсу туралы сауалнама

6

6. Конкурстың фотогалереясы

>> КІРІСПЕ

Соңғы жылдары мемлекет, кәсіпорындар, қауымдастықтар және басқа да стейкхолдерлердің қолдауымен жастар арасында белсенділіктің артуы байқалып отыр. Егер трендтер туралы айтатын болсақ, онда қазақстандық жастарға тән трендтер арасында жоғары ұтқырлыққа, жаппай цифрландыруға, әлеуметтік желілердің танымалдылығының өсуіне, салауатты өмір салтына, еріктілер қозғалыстарына қатысуға және т. б. көшу аса танымал болып табылады.

Қазіргі жастар - «цифрлық аборигендер», олар физикалық және цифрлық кеңістік арасында шекара жоқ ұялы телефондар мен интернетпен өзара байланысты әлемде туып-өскен. Қазіргі жас ұрпақ адамзат тарихындағы ең бастамашыл, жаңашыл және шығармашыл буын болуы мүмкін.

Алдында жаһандық сипаттағы өршіл әлеуметтік-экономикалық және саяси міндеттер тұрған, азғантай уақыт ішінде көп жетістіктерге қол жеткізген Қазақстан үшін қазіргі жастарды зерттеу, оның әлеуетін бағамдау – аса өзекті мәселе.

Ірі ұлттық компаниялар дарынды жастарды дамытуға, ынталандыруға және қолдауға бағытталған жастар саясатын әзірлеп, жүзеге асырып жатыр. Жастар саясаты аясында көптеген компаниялар кәсіби және жеке өсу, шығармашылық қызмет пен қазіргі және болашақ жас кадрлардың инновациялық әлеуеті үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға тырысады. Жастарды қолдауға арналған түрлі іс-шаралар-форумдар, кездесулер, конкурстар өткізіледі. Кәсіпорындар еліміздің оқу орындарында оқитын студенттерді тәжірибеден өткізу арқылы жастарды өз қатарына тартып отыр.

Жыл сайын өткізіліп жатқан жастар конкурстары – бұл өз бетінше әрекет етуге, шығармашылық және кәсіби бастама көрсетуге, өсуге және ілгерілеуге ұмтылуға түрткі болатын бастама ғана. Қазіргі уақытта IT-технологиялар және адами ресурстардың ұтқырлығы шапшаң дамып жатыр. Цифрлық шешімдер геологиялық барлау, игеру, өндіруден бастап мұнай өңдеу мен химияға дейінгі мұнай-газ компанияларының бизнес-процестеріне дендеп енгізіліп жатыр.

Сонымен қатар, мұнай-газ компаниялары жалдау және кадр саясатындағы әртүрлілікті арттыруға, бизнес пен академиялық орталар арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге, цифрлық дағдылар мен цифрлық мәдениетке инвестициялауға белсенді қатысады.


Қарашығанақ Петролиум компаниясында Б.В. Оперейтинг (КПО) цифрландыру дәйекті және жоспарлы түрде жүргізіледі. Ол КПО бөлімшелері мен оның мердігерлері қызметінің барлық салаларына елеулі әсер етеді, олардың жұмысының тиімділігін арттыру және инновациялық процестерді енгізу үшін қосымша мүмкіндіктер жасайды.



1. «StudentDigitalFest» 2020-2022 КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

«StudentDigitalFest» конкурсын алғаш рет 2019 жылы Астана қаласында KAZENERGY XI Жастар форумының «Жастар және заманның уақыт сын-тегеуріндері» алаңында КПО-ның Еңбек ресурстарын басқарушысы Сури Раджагапол жариялады.

3 (үш) жыл ішінде еліміздің 20 жоғары оқу орнының командаларынан 117 өтінім берілді, олардың 40%-ға жуығы қыздар.



Техникалық тапсырмалардың тақырыптарын жыл сайын Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В мамандары әзірлейді.


2020 жыл		
ISO/TS 16530-2 және API 90-2 нұсқаулықтары негізінде MAASP автономды калькуляторын (бағанаралық кеңістіктегі максималды рұқсат етілген сағалық қысым) әзірлеу	Кен орнының газ қауіпті учаскелеріне көлік құралдарының кіруін бақылауды жақсартудағы цифрлық шешімдер	Компаниялардың деректер базасында әлеуетті өнім берушілерді тіркеудің интеграцияланған электрондық жүйесіне цифрландыруды енгізу мүмкіндіктері
2021 жыл		
Ластаушы заттардың шығарындыларын, парниктік газдарды және энергия тиімділігін есептеуді автоматтандыру	Ұңғымалардың тұтастығын бақылау процесін жақсарту және оңтайландыру үшін жер үстіндегі қысым датчиктерінің қашықтан басқару жүйесін енгізу	Техникалық сызбаларда белгіленген таңбаларды сканерлеу және анықтау үшін үлгіні тануға негізделген іздеу жүйесін әзірлеу
2022 жыл		
Машиналық оқыту әдістерін қолдана отырып ұңғымалар өнімдерін жинау жүйесін оңтайландыру	Ұңғымаларды қосуға арналған цифрлық каталог	«Қалдықтарды басқару» автоматтандырылған жүйесі

Конкурстың бірінші финалы 2020 жылдың 27 ақпанында Нұр-Сұлтан қаласында өтті. Конкурста екі кезең болды: конкурс тақырыптары бойынша шешім жобасының паспортын әзірлеу, қазылар алқасы мүшелерінің алдында шешімдерді көпшілік алдында қорғау.



«StudentDigitalFest» екінші маусымы 2021 жылдың мамырында басталды.


Конкурсқа командалардың жобаларының паспорттарын сараптамалық бағалауды көздейтін қосымша кезең енгізілді. Бағалау қорытындысы бойынша жартылай финалист командалар анықталды. Осылайша, екінші маусымның конкурсы үш кезеңнен тұрды: конкурс тақырыптары бойынша шешім жобасының паспортын әзірлеу, жобалардың паспорттарын сараптамалық бағалау, қазылар алқасы мүшелерінің алдында шешімдерді көпшілік алдында қорғау.



**Конкурсты ONLINE форматта өткізген кезде Конкурс финалы виртуалды платформада өтеді.*

контакты: +7 717 2 79 01 74, e-mail: sdf2021@kazenergy.com

2021 жылғы конкурстық кезең командалардың тұрақты онлайн-консультацияларымен сүйемелденді. Мәселен, 2021 жылғы 2 шілдеде еліміздің 14 жетекші жоғары оқу орындарынан 34 студенттік команданың Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг (КПО) цифрландыру жөніндегі менеджері Глен Зондак мырзамен, КПО мамандары мен сарапшыларымен және KAZENERGY қауымдастығымен конкурстың техникалық тапсырмалары тақырыптары бойынша виртуалды нұсқамалық кездесуі өтті. Кездесу барысында қатысушыларға КПО қызметі және компанияда цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар таныстырылды.



КПО компаниясының мамандары Бекталиева Дәмеш, Нұрғали Дінмұхамед, Мұқанова Гүлнар, Қадырәлиев Азамат техникалық тапсырмалар бойынша жобаларды дайындау кезіндегі мақсаттар, міндеттер мен күтілетін нәтижелер, ерекшеліктері туралы әңгімелеп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Студенттерді өз кезегінде тапсырмаларды орындауға арналған деректер, есептеу әдіснамасы, ұлттық стандарттар және командаларға болашақ жобалардың паспортымен жұмыс істеуге көмектесетін басқа мәселелерге қатысты тақырыптар қызықтырды. Техникалық тапсырмалар әр тақырып бойынша саралана отырып, жеке онлайн кездесулерде егжей-тегжейлі талқыланды. 2021 жылдың мамыр-тамыз айлары аралығында КПО компаниясының мамандары техникалық тапсырма бағытта-ры бойынша әр командамен онлайн-консультациялар өткізді.

Digitalization team KPO

KPO digitalization team enables KPO to be a best in class company by delivering capabilities (people, process, data, technology) and insights that can be trusted and valued

Identify proven key digital technologies → Speedy deployment incorporating lessons learnt → Integrate Capabilities

Digitalization is a top priority for KPO and success is achieved in collaboration with partners, customers, service providers, research, and start-ups

No.	Measure	Indicator	Value	Unit	Target	Actual	Gap	Comments
1	Energy efficiency	Energy consumption per unit of output	0.0000	kg	0.0000	0.0000	0.0000	
2	Energy efficiency	Energy consumption per unit of output	0.0000	kg	0.0000	0.0000	0.0000	
3	Energy efficiency	Energy consumption per unit of output	0.0000	kg	0.0000	0.0000	0.0000	
4	Energy efficiency	Energy consumption per unit of output	0.0000	kg	0.0000	0.0000	0.0000	
5	Energy efficiency	Energy consumption per unit of output	0.0000	kg	0.0000	0.0000	0.0000	

Конкурстың екінші маусымына келесі жоғары оқу орындарының командалары қатысты: Назарбаев Университеті, Қазақстан-Британ техникалық университеті, С. Өтебаев ат. Атырау мұнай және газ институты, Алматы энергетика және байланыс университеті. Алғашқы маусымға Astana IT-университетінің, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің, Е.Бөкетов ат. Қарағанды техникалық университетінің, Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің, М.Дулати атындағы Тараз университетінің, Алматы қаласындағы Тұран университетінің студенттері қатысты.

Конкурстың екінші кезеңінде мынадай құрамдағы КПО мамандарынан әрбір техникалық тапсырмаға Сараптамалық кеңес құрылды:

- **Капорали Марко**, Ұңғымалардың тұтастығын қамтамасыз ету бойынша учаске бастығы;
- **Кхан Исрар Ахмад**, Механикалық жабдыққа техникалық қызмет көрсету учаскесінің бастығы;
- **Бекталиева Дәмеш**, Энергия тиімділігі және экологиялық бағалау бөлімінің бастығы;
- **Киреева Айгүл**, Өзара іс-қимыл және экологиялық тиімділік мониторингі секторының бастығы;
- **Хаймулдина Айна**, Цифрландыру жөніндегі кеңесші;
- **Қадырәлиев Азамат**, I деңгейдегі энергия тиімділігі жөніндегі кеңесші;
- **Мұқанова Гүлнар**, II деңгейдегі ұңғымалардың тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі инженер;
- **Нұрғали Дінмұхамед**, Инженер-технолог.

Сараптамалық кеңестердің міндеті - конкурс критерийлеріне сәйкес жобалардың паспорттарына бағалау жүргізу деп белгіленді.

Командалық жұмыс үшін ең жоғары балл 50 балл деп белгіленді. Әрбір жұмысты бағалау техникалық тапсырмаға сәйкес техникалық орындылықты, экономикалық маңыздылығын, саланы цифрландыру мәселесін шешудегі жобаның маңыздылығын, жобаны іске асыру кезеңдерінің сипаттамасын, бол-жамды іске асыру кезінде ұсынылған жобаның тиімділігін қамтыды.

2021 жылдың финалдық кезеңіне бағалау қорытындысы бойынша 7 (жеті) команда өтті:

1. **«Jojo Aupet Crusaders» командасы**, Ғұмарбек Дәукеев атындағы «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ;
2. **«Androgynous» командасы**, Ғұмарбек Дәукеев атындағы «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ;
3. **«Digital_EKTU» командасы**, Д.Серікбаев ат. Шығыс Қазақстан техникалық университеті;
4. **«BOTTi» командасы**, Қазақстан-Британ техникалық университеті;
5. **«Shoqan» командасы**, Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университеті;
6. **«Skywalkers» командасы**, Назарбаев Университеті;
7. **«KazTech» Командасы**, Назарбаев Университеті.

«StudentDigitalFest» конкурсы ашық әрі объективті іріктеу критерийлерімен ерекшеленеді. Конкурстың қазылар алқасы КПО-ның кәсіби мамандары қатарынан іріктеледі және олар жобаларды сапалық және сандық көрсеткіштері бойынша бағалайды.

ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ – 2021

Glen Martin Sondak
Глен Мартин Зондак

Business Integration Manager KPO b.v.
Цифрландыру жөніндегі менеджер
Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.

Мұқанова Гүлнәр

Ұңымалардың тұтастығын қамтамасыз ету
жөніндегі инженер
Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.

Нұрғали Дінмұхамед

Ұңымалардың тұтастығын қамтамасыз ету
жөніндегі инженер – технолог
Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.

Жандос Асқар

Ыдыстар мен құбырларды байланыстыру
жөніндегі инженер–механик
Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.

Бекталиева Дәмеш

Энергия тиімділігі және экологиялық бағалау
бөлімінің бастығы
Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.



Қадырәлиев Азамат

Энергия тиімділігі
жөніндегі кеңесші
Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.



«StudentDigitalFest» конкурсының екінші финалы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге және «Кадрларды жаңа жағдайда даярлау: қайта ойлаудан қайта өзгеруге бағытталу» деп аталатын «KAZENERGY» XII Жастар форумына орайластырылды.

2020 жылы әлемді жайлаған коронавирустық инфекция індетіне байланысты конкурстың екінші маусымының финалы KAZENERGY «KAZENERGY WORLD ENERGY WEEK 2021 LIVE «ENERGY FOR BETTER LIVES» XIV Еуразиялық форумы шеңберінде 2021 жылғы 5 қазанда онлайн режимінде өтті.



«STUDENTDIGITALFEST» - 2021 КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ!



«BOTTi»

Қазақстан-Британ техникалық университеті

Юдин Кирилл, 4 курс

Уважанов Әлішер, 4 курс

Бекзұлда Нұрсұлтан, 4 курс




«Shoqan»

Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау
университеті

Кочинов Данила, 2 курс

Оспанова Меруерт, 1 курс

Шокоров Владислав, 2 курс



«KazTech»

Назарбаев Университеті

Абдаррахман Ахметғали, 3 курс

Ізбасар Амина, 3 курс

Есімхан Орынбай, 3 курс

ЖАЛПЫ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ – 15 000 АҚШ ДОЛЛАРЫ





2021 конкурс қорытындысы туралы сілтеме: <https://kazenergy.com/ru/operation/educational-program/160/1770/>

2. «StudentDigitalFest» ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ



ҚАРАБАЛИН ҰЗАҚБАЙ СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ

«KAZENERGY» қауымдастығы Басқарма Төрағасының орынбасары

Қымбатты достар! «KAZENERGY» қауымдастығы атынан және өз атымнан «StudentDigitalFest» байқауының барлық қатысушыларын шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстандық жастардың перспективалық идеялары мен бастамаларын ілгерілетуге ықпал етіп отырған Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.мен бірлесіп ұйымдастырылған байқау. Біз Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. мен көп жылдан бері серіктестік қарым-қатынас жасап келеміз, бұл компания колледждер

мен жоғары оқу орындарының студенттерінің оқу ақыларын төлеп, көп жылдар бойы гранттық қолдау көрсетіп отыр, «KAZENERGY»қауымдастығының осы істі жүргізіп отырғанына 7 жыл болды.

StudentDigitalFest байқауын ұйымдастыру біз үшін бірлескен қызметіміздің негізгі бағыттарының бірі – адами капиталды дамыту жағынан маңызды. Әлем жаңа технологиялық революцияға қадам басқалы тұрғанын білесіздер. Инновациялық және бәсекеге қабілетті әлем. Бұл - мұнай-газ саласына да қатысты. Дүниежүзі сияқты біз де цифрландырудың көмегімен бұрын-соңды болмаған серпіліске қол жеткізсек дейміз. Осы жолда Қазақстан өз соқпағын салып жатыр.

Жаһандық өзгерістерге қарамастан, біздің еліміздің экономикасы көптеген жылдар бойы тұрақтылықты көрсетіп келеді және саладағы көптеген көрсеткіштер бойынша көшбасшы болып табылады. Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде кез келген саланы дамыту бизнестің білім беру, ғылыми және техникалық орталықтармен тығыз ынтымақтастығы жағдайында ғана іске асады. Дәстүрлі тәжірибе, дағды мен білімді жаңа инновациялық шешімдермен біріктіру ғана синергетикалық әсерді қамтамасыз етеді. Цифрлық түрлендіру экономиканың қалпын өзгертеді және мобильді креативті жастар - дамудың негізгі драйвері болуға тиіс.

Бұл байқау жас таланттардың өздерінің зияткерлік дағдыларын дамытуға жаңаша көзқараспен қарауына, студенттерді жобалық жұмысқа тарту ісін жандандыруға, тізе қосып тиімді өзара іс-қимыл жасауға, тәжірибе алмасуға және байқаудың таңдалған тақырыптары бойынша инновациялық әзірлемелерді табысты көрсетуге мүмкіндік береді деп сенемін.

Құрметті жас өрендер! XXI ғасырда Қазақстанда дамытатын сіздерсіздер және осынау ауқымды істі сіздерге абыроймен атқару керек. Мен сіздердің таланттарыңыз бен жасампаз күштеріңізге сенемін! Баршаңызға мол табыс, мерейлі жеңіс тілеймін!



ДЖАНКАРЛО РУО

Бас директоры
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.

Құрметті сайысқа қатысушылар!

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б. В.» компаниясы атынан осы шараға қош келдіңіздер демекпін.

Студенттердің зияткерлік әлеуетін іске асырудың және цифрландыру саласындағы технологиялық шешімдерді дайындаудың тиімді алаңы болып табылатын

«StudentDigitalFest» байқауына қатысқаныңызға біз ризашылығымызды білдіреміз.

«StudentDigitalFest» Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ одан тыс аймақтарда мұнай-газ саласындағы ең ірі кәсіпорындардың бірі болып табылатын Қарашығанақ кен орны үшін цифрлық шешімдерді дайындауға және жетілдіруге көздейді.

КПО осындай абыройлы шараны 2019 жылдан бастап өткізуде KAZENERGY қауымдастығымен серіктес болғанын мақтан тұтады.

Сайыс кезінде сізге барлық қажетті көмек көрсетілетіндігіне сендіргім келеді. Осы сайыс аясында командалық жұмыс тәжірибесін және есте қалар әсер алатыныңызға сенімдімін.

Тағы бір мәрте қош келдіңіздер дей отырып, осындай керемет саяхатта және жеке дамуыңызға мүмкіндік беретін сайыста сәттілік тілеймін. Көп рахмет!



2.1.«StudentDigitalFest» - 2022 КОНКУРСЫНЫҢ ҮШІНШІ МАУСЫМЫ

«StudentDigitalFest» конкурсы туралы анонс жыл сайын әлеуметтік желілерге (Facebook, Instagram) және KAZENERGY ресми сайтына жарияланады.

2022 жылы конкурстың үшінші маусымына студенттік командалардан өтінім қабылдау ағымдағы жылғы 25 мамырдан 31 маусымға дейін жүргізілді. Конкурсқа қатысуға сауалнама берген командалар жобаларға техникалық тапсырмалардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдалған тақырыптар бойынша шешім жобаларын әзірлеуге кірісті.

Командаларды тіркеу KAZENERGY сайтында <https://sdf.kazenergy.com/> сілтемесі бойынша электрондық сауалнаманы толтыру арқылы жүргізілді

Конкурсқа сәтті тіркелген 22 команда КПО компаниясының сарапшыларымен, әзірленген техникалық тапсырмалардың авторларымен екі ай бойы онлайн-консультацияға қатысты.

Байқаудың үшінші маусымында келесі конкурстық тақырыптар ұсынылды:

- Машиналық оқыту әдістерін қолдана отырып ұңғымалар өнімдерін жинау жүйесін оңтайландыру;
- Ұңғымаларды қосуға арналған цифрлық каталог;
- «Қалдықтарды басқару» автоматтандырылған жүйесі.



Конкурсты ұйымдастырушылар (KAZENERGY, КПО) қатысушылар арасында конкурсты өткізу шарттарының ашықтығына бағытталған сауалнама өткізіп, жыл сайын конкурс туралы шарттарды жетілдіріп отырады.

Осылайша, әрбір техникалық тапсырмаға шешімдерді әзірлеу кезеңінде командаларды сүйемелдеп, оларға кеңес беретін сараптамалық кеңес құру сияқты ұсыныстар енгізілді, сондай-ақ кеңес өкілдері жобалардың паспорттарын бағалауға қатысады және конкурстың қазылар алқасының құрамына кіре алады.

Командалар жоба төлқұжатын әзірлеу кезеңінде топ мүшесін ауыстыруға құқылы болды, өйткені екі жылдық тәжірибе көрсеткендей, кейбір топ мүшелері жобаны әзірлеу кезеңінде командадан шығып кетеді.

Жалпы қабылданған этикалық және адамгершілік мінез-құлық нормаларын сақтау, сондай-ақ ұйымдастырушылардың өкілдеріне, қазылар алқасына және конкурстың басқа да қатысушыларына құрметпен қарау бөлігінде командаларға қойылатын талаптар күшейтілді.

Командаларға жоба паспортының видеоролигін өз бетінше әзірлеу немесе үшінші тарапты тарту мүмкіндігі берілді.

2.2.«STUDENTDIGITALFEST» - 2022 КОНКУРСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ

Конкурсты өткізу мақсатында тақырыптар белгіленді, олардың біреуіне конкурсқа қатысушылар өздерінің инновациялық жобаларын/технологиялық шешімдерін ұсынады. Тақырыптар кейіннен конкурстан конкурсқа өзгеруі мүмкін.

2022 жылғы Конкурс 4 (төрт) кезеңге бөлінді:



1-кезең

Ұйымдастыру-дайындық кезеңі (www.kazenergy.com сайтында онлайн тіркеу, командаларды құру, ТТ таңдау)



2-кезең

Жоба әзірлеу (сарапшылар кеңесін құру, КПО мамандарының кеңес беруі, жоба паспорттарын бағалау)



3-кезең

Презентациялық роликті әзірлеу (Life-режим, жеткізуші)



4-кезең

Конкурс финалын өткізу




*Конкурсты өткізу уақыты мен мерзімдері болжамды көрсетілген және Ұйымдастырушы (Демеушімен келісіп) ауыстыруы мүмкін

**Конкурс онлайн форматта өтетін кезде финалшы командалық және ғылыми жетекшінің тамақтану, жол жүру және қонақ үйде тұру шығындары Конкурс қаражаты есебінен өтеледі

***Конкурс онлайн форматта өтетін кезде виртуалды платформада ұйымдастырылады

контакты: +7 717 2 79 01 74, e-mail: sdf2021@kazenergy.com



КЕЗЕҢ. ҰЙЫМДАСТЫРУ-ДАЙЫНДЫҚ

Конкурстың осы кезеңінде үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) видеоролик анонсталып, әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram), сондай-ақ Ұйымдастырушының сайтында жарияланды.

Осы кезеңде төмендегілер қарастырылды:

- командалардың www.kazenergy.com сайтында <https://sdf.kazenergy.com/> сілтемесі бойынша онлайн тіркеуге өтінім беруі
- Конкурс шарттарына сәйкес келетін командалар тізімін қалыптастыру;
- Ұйымдастырушылардың командаларға кеңес беруі;
- техникалық тапсырманың әрбір тақырыбына Сараптамалық кеңес қалыптастыру.

Ағымдағы жылдың 25 мамырынан 31 маусымына дейін 10 жоғары оқу орнынан 22 команда конкурсқа қатысуға өтінім берді.

№	ЖОО	Командалар
1	Қазақстан-Британ техникалық университеті	Ninja Turtles, Amplified, Baysz, SiteLine, UNIT1
2	Астана IT-университеті	AIS BDA, NBS, BUSY, G.O.A.T, NIC
3	Назарбаев Университет	Petro Mechanics, Olive Oil, DUAAl
4	Қ.И.Сәтбаев ат. Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті.	A3, NASA
5	Алматы Менеджмент Университеті	MAYDAI, Disposito
6	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	BIBON
7	Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университеті	Shoqan
8	Ш.Есенов ат. Каспий технология және Инжиниринг университеті	YessenovGuys
9	Қарағанды техникалық университеті	MRG
10	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	KZMIT




Командалардың алдында мынадай өз шешімдерін әзірлеу міндеті тұрды:

- ұңғымалардың өнімін жинау мәселелері мен цифрландыру бойынша, мұнда физикалық модельді деректер /машиналық оқыту модельдерімен проксилеу ұсынылады, бұл жұмыс уақытын ұзарту және оңтайландыру мәселесін шешу үшін;
- «Цифрлық каталог», «Бір жобалық деректер базасы және көптікті құру» тәсілдерін қолдану

есепінен ұңғымаларды қосу бойынша инженерлік жұмыстар процесінің тиімділігін арттыру үшін ұңғымаларды қосу үшін каталогты цифрландыру бойынша;

- қалдықтарды басқару процестерін басқарудың толықтығы мен сапасын қамтамасыз ету бойынша командалардан компанияның қалдықтарын есепке алу жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді алу күтілуде, оған кез келген электрондық тасымалдағыштан (компьютер, планшет, телефон) онлайн қол жеткізуге болады.



КЕЗЕҢ. ЖОБА ПАСПОРТЫН ӘЗІРЛЕУ

Сараптамалық кеңестерді қалыптастыру. Конкурстың екінші кезеңінде жобалардың/шешімдердің паспорттарын бағалауды әрбір техникалық тапсырмаға қалыптастырылған сараптамалық кеңестер жүргізеді.

«Машиналық оқыту әдістерін пайдалана отырып ұңғымалардың мұнай-газ жинау құбырларын оңтайландыру» № 1 техникалық тапсырмасына сараптамалық кеңес:

1. **Әмір Доспаев**, кен орнын кешенді модельдеу жөніндегі инженер, КПО;
2. **Нұрбек Жабашев**, Өндіру жөніндегі деректерді басқару жүйесі бойынша инженер, КПО.

№ 2 «Ұңғымаларды қосудың сандық каталогы» техникалық тапсырмасына сараптамалық кеңес:

1. **Рахул Кумар**, жобалау және техникалық бақылау бөлімінің бастығы КПО;

2. **Франческо Росси**, жобалау және техникалық бақылау бөлімінің бастығы, КПО.

№ 3 «Қалдықтарды басқарудың автоматтандырылған жүйесі» техникалық тапсырмасына сараптамалық кеңеске атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі маман **Динара Алдамжарова** ұсынылды, КПО.

Техникалық тапсырмалардың тақырыптары бойынша командаларға кеңес беру. Ағымдағы жылдың шілде-тамыз айлары аралығында Техникалық тапсырмалардың тақырыптары бойынша командалардың 20 онлайн консультациясы өткізілді. КПО сарапшыларының командалармен апта сайынғы онлайн-кездесулері жалпы және жеке тәртіппен өткізілді. Конкурс шарттары бойынша әр команда өз шешімін тек бір техникалық тапсырмаға ұсынуы керек.



Рахул Кумар

жобалау және техникалық бақылау
бөлімінің бастығы



Әмір Доспаев

КПО кен орнын кешенді модельдеу
жөніндегі инженер



Динара Алдамжарова

энергия үнемдеу және КПО тиімділігі
бойынша сарапшы

Жоба төлқұжаттарын бағалау. Ұйымдастырушылар әрбір техникалық тапсырмаға КПО мамандарынан құралған Сараптамалық кеңес құрды.

Командалық шешімдерді бағалау белгіленген критерийлерге сәйкес жүргізілді:

1. Мазмұндаудың құрылымдылығы, тиісті деңгейде форматталуы, ойын айқын білдіруі;
2. Техникалық тапсырма сәйкес техникалық орындылығы;
3. Экономикалық маңызы;
4. Цифрландыруға қатысты мәселені шешудегі жобаның маңызы;
5. Жобаны іске асыру кезеңдерінің сипаттамасы;
6. Мәселені шешудегі болжамды тиімділік.

Студенттердің жобалық шешімдерін сараптау қорытындысы бойынша және сараптамалық кезең қорытындысы бойынша 22 командадан 7 (жеті) команда өздерінің командалық жұмыстарын таныстыра отырып, конкурс финалына өтті.



«MAYDAI» командасы

«Dispose» командасы

Алматы Менеджмент
Университеті



«BUSY» командасы

Астана IT-университеті



«DUUAI» командасы

Назарбаев Университет



«Shoqan» командасы


Ш.Уәлиханов ат.
Көкшетау университеті



«Amplified» командасы

«SiteLine» командасы

Қазақстан-Британ техникалық
университеті



КЕЗЕҢ. ПРЕЗЕНТАЦИЯЛЫҚ РОЛИКТІ ӘЗІРЛЕУ

Конкурстың үшінші кезеңінде финалист командаларға командалық шешімдерді визуализациялау бойынша бірнеше жұмыс нұсқалары ұсынылады: видеоролик әзірлеу, live-режимде дайын шешімді ұсыну (нақты уақыт режимінде шешімді көрсету), видеоролик әзірлеу және live-режимде дайын шешімді көрсету.

Көрнекіліктің мақсаты - конкурс финалында жобаны қорғау кезінде көрсету үшін әзірленген шешімді (өнім, процесс, технология және т.б.) сипаттау.

Дайын шешімдерді көрсету тәсілдерін таңдау үшін әр команда төмендегілер үшін қосымша ұпай алады:

- видеороликті өз бетінше әзірлеу - 5 (бес) балға дейін;
- шешім жобасын live-режимде көрсету үшін - 5 (бес) балға дейін;
- видеороликті өз бетінше әзірлегені және шешім жобасын live-режимде көрсеткені үшін – 10 (он) баллға дейін.



КЕЗЕҢ. КОНКУРС ФИНАЛЫН ӨТКІЗУ

2022 жылы конкурстың финалы Алматы қаласында Дүниежүзілік мұнай кеңесінің «Энергетикалық алмасу: ұрпақтар диалогы» VII жастар форумы аясында өткізілді.

Төрт ай ішінде құрамында әртүрлі курстар мен мамандықтардың студенттері бар 22 команда техникалық тапсырма тақырыптарының біріне қойылған міндет бойынша бірлесіп жұмыс істеді.

Финалға конкурстың қазылар алқасының алдында қорғайтын жобалары сараптамалық бағалаудан өткен 7 (жеті) үздік команда шақырылды.

3. «StudentDigitalFest» - 2022 КОНКУРСЫНЫҢ ФИНАЛЫ



Конкурстың 3-ші маусымының финалы 2022 жылғы 29-30 қыркүйекте Алматы қаласында өткен ғасырдың ортасында (1951-1957 жылдар) салынған және тарихи құндылығы бар және сәулет ескерткіші болып табылатын Үкімет үйінің бұрынғы ғимаратында орналасқан Қазақстан – Британ техникалық университетінің қабырғасында өтті. Дәл осы ғимаратта «Дөңгелек» залда Қазақстан 1991 жылы өз тәуелсіздігі туралы Декларацияға қол қойып, бүкіл әлемге өзінің егемендігін алғаш рет жариялаған. Конкурстың финалы өтетін орын кездейсоқ таңдалған жоқ.

Қазақстан-Британ техникалық университетінің алаңында дәл осы күндері Дүниежүзілік мұнай кеңесінің «Энергетикалық алмасу: ұрпақтар диалогы» атты VII жастар форумы өз жұмысын бастады. Форумды әлемнің 60-қа жуық мұнай-газ елдері біріккен Дүниежүзілік мұнай кеңесінің Жастар ұлттық комитеті ұйымдастырды.

3.1. КОНКУРС ФИНАЛЫНЫҢ АШЫЛУЫ



ӘЙГЕРІМ СҰЛТАНОВА

Novartis Pharma Services AG компаниясының Қазақстан Республикасындағы филиалының Қазақстандағы, Өзбекстандағы және Моңғолиядағы онкология бөлімшесі басшысының ассистенті, «StudentDigitalFest» конкурсының модераторы

2022 жылғы 29 қыркүйекте сағат 10.00-де финалист командалардың, ғылыми жетекшілердің, сарапшылар мен конкурстың қазылар алқасы мүшелерінің, Ұйымдастырушылардың қатысуымен «StudentDigitalFest» байқауының үшінші маусымының финалы ашылды.

«KAZENERGY» қауымдастығының атқарушы директоры **Ләззат Ахмурзина** финалистерге құттықтау сөз сөйледі.

